
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

ӘОЖ 958.4: 305.8

Қ.С.АНАРБАЕВ

тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан инженерлік-педагогикалық Халықтар Достығы университеті

**ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕЛІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
НАНЫМ-СЕНІМДЕРІНДЕГІ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ**
(«Кодекс Куманикус» (XIII-XIV ғ. басы) жазба ескерткіші
материалдары бойынша)

Макалада жалпы адамзаттық мифтерде көрініс беретін кейбір дүниетанымдық жайттарға, ерте және ортағасырлық түрік халықтарындағы наным-сенімдерде көрініс беретін тарихи сабактастықтарға назар аударылған. Автор ерте дүниелік наным-сенімдердің іздерін бүтінгі күнмен байланыстыруыш ортағасырлық жазба жәдігер материалдары арқылы көрсетуді мақсат еткен.

Кілт сөздер: Көшпелілер өркениеті, Кодекс Куманикус, діни терминдер, миф.

Тарихи, философиялық әдебиеттерде «Көшпелілер өркениеті» туралы ой-пікірлердің айтыла бастағанына біршама уақыт болды. Алайда, бұл шікірді жақтаушылардың келтіреп дәлелдері бола тұра дүниежүзілік мәдениеттану мен тарих ғылымы саласында өз орнын әлі күнге толықтай таба алмай келеді десек қателеспейміз. Әлемдік тарихи ой-шікірлерді алмағанда, сол көшпелілердің тарихи мұрагерлеріміз дең санаитын халықтар өкілдерінің де осы өркениетліктің байқалған белгілерін аршып алып, ғылыми талдаудан өткізе келе өздерінің келешегіне пайдалану бағытындағы жұмыстар өте кенжелеп келе жатқан мәселелер қатарында дең санаимыз.

Сол «Көшпелілер өркениетінің» тікелей мирасқорларының бірі және бірегейі түрік халықтары екенін көзі қарақты зерттеушілердің көбі мойындай бастағанына да біршама уақыт өтті. Алайда солардың арасында көшпелілерді тек «қиратушылар, жабайылар» т.б. жағымсыз сипаттаған көретін зерттеушілерге европацентризмнің әсері де жоқ емес. Ал европацентризм бастауы сонау көне «грек-рим дәуірі» аталағын кезеңден бастау алып, күні бүтінге дейін бар, өзіндік зерттеу объектісі мен методологиясы жақсы жолға қойылған дүниеге көзқарас жүйесі десе де болады. Осы жүйеге негізделген тарихты оқып үйренген бірнеше буын ұршақтар «өз жөргегінен жерінгенін» айтып жатудың өзі аргықтау. Ендігі мақсат тарихи сана арқылы өз-өзін құрметтей алатын, өз тарихының тереңіне бойлай білуді ойлай алатын ұршақтар тәрбиесі үшін керекті жұмыстардың басын ашып алу мен бүгінгі заман талағтарын ескере отырыш, тарих шен дүниетанымдардың ортақ

Анарбаев Қ.С. Ұлы дала көшпелі тайпаларының көне және...

тұстарын багамдай алатын, сол арқылы «адамзат» деген атты бағалай алатын жаңа түрпatty ел болуға ұмтылу деп білеміз. Ол үшін барлық қоғамдық ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдарының жаңалықтары негізінде «өзін-өзі тануға» үнемі құштар ұлт болуды қамтамасыз ететін жайттарға назар аудару керек. Бұл орайда бабалардан қалған немесе сол бабаларымыз туралы жат жүргіткіштер қолымен жазылған жазба жәдігерлерді жаңаша, ең бастысы ғылыми негізде пайымдай білуге ұмтылғанымыз дұрыс.

Зерттеушілер арасында ежелгі мифтерде кездесетін «Кентавр» бейнесі, яғни басы адам, денесі жылқы жүмбақ жануардың да сол көшпелі бабаларымызға қатысы бар екенін айтқандар да жоқ емес. Сол бейне арқылы бабаларымыздың айтақ ойы «...егер басың болмаса, қалған денең жануар» деген ойға саятындағы. Ал ондай жүмбақ бейнелердің адамзаттық аңыздарда аз еместігі байқалады. Кейде оларды қысқа қайырыш, тотемдік нанымдармен ғана байланыстыра саламыз. Ал теренірек талдай түссек кейінгі монотеистік діндерде келтірілетін әпсаналар мен кейбір халықтардың дүниетанымдарында тарихи сабактастықтар ізі байқалатындағы көрінеді. Біз өз зерттеуімізде жалпы адамзаттық мифтерде көрініс беретін кейбір дүниетанымдық жайттарды ерте және ортағасырлық түрік халықтарындағы наным-сенімдерде көрініс беретін тарихи сабактастықтарына тағы бір қырынан назар аударуды мақсат еттік.

Ерте кезең мен бүтінгіні жалғастыруыш уақыт ортағасырлар деп қарасақ, бүтінгі қазақ халқы әлемдік ортағасырлар тарихында көп жағдайларда «қышқақтар» ортақ атаумен көбірек белгілі болғаны рас. Қазақ тілі қышқақ тілінің бір бұтағы деп қарасақ, ортағасырларда сол қышқақ тілінде жазылған жазба ескерткіш «Кодекс Куманикус» материалдарында сакталған деректердегі наным-сенімдерге қатысты материалдардың құндылығы байқалады. Біздің жұмыстың мақсаты да ерте дүниелік наным-сенімдердің іздерін бүтінгі күнмен байланыстыруыш сол ортағасырлық жазба жәдігер материалдары арқылы көрсету болмақ. Жәдігерде дүниетанымдық маңызға ие терминдермен қатар, тотемдік сенімдерге тән сөз тіркестері, аңдар, құстар, төрг түлік атаулары мен діни наным-сенімдерге қатысты терминдер орын алған. Мысалы, «тәңірі», «қам», «бүгі», «су сығыр», «першіпте» т.б. терминдердің тарихи сабактастықтарда жәдігерде көрініс беруі арқылы ортағасырлық қышқақтардың тел дүниетанымы мен діни наным-сенімдеріне қатысты бірқатар жайттар айқындала түседі.

«Кодекс Куманикусте» діни терминдер арасында ең басты термин «Тәңірі» атауы екені анық. Бұл атаудың өзі ежелгі түркілердің «жоғарыдағы бір жаратушы туралы» үғымдарымен тарихи сабактастықта екені көрінеді. Тарихи деректерге қарағанда Түріктер өздерін «тәңіртекті халық санағаны» байқалады. Ежелгі дәуір тарихшысы Геродот жазбаларында келтірілген аңыздардағы скифтердің «тәңіртекті», яғни Зевстің баласы Тарғытайдан

тарауы немесе сол аңыздардың бірінде скифтерді Геракл балалары ретінде түсіндірген туралы айта кеткен жөн сияқты. Соңғы аңызда Гераклдың алыс жерлерге барғаны, онда пері қызымен үйленгені айтылады. Сол перінің қызынан туған ұш баласының бірі Скиф болғаны, аңыз бойынша Геракл еліне қайтар мезгілде «оның мұндағы елінің билігіне кім иелік етуі керек?» деген сүйген жарының сұрағына «ұш баланың қайсысы менің садағымды тарта алса сол иелік етсін» деген жауабы бар. Одан тараған елдің кейінгі оргағасырылық деректерде аталатын «садақшылар елімен» қаншалықты байланысы бар екенін зерттей түскен дұрыс болар еді деп санаймыз.

Осы орайда, аталған мәселелерді пайымдай түсуге көмек боларлық шікілердің арасынан Байбота Серікбайұлының «Грэодот көшпеллердің сыйынған құдайын білмегендіктен (мүмкін алғашқы еуроацентризмнің ықпалымен әдейілек тастап кеткен. Автор.) Тарғытайды грек құдайы Зевстен таратыш отырғанын айта келіп, ежелгі ғұндардың санасындағы «Көк шен жерден жаратылып, Күн мен Айдың құлдіретімен таққа отырған хүннудың Ұлы шаньюю» (Н.Я. Бичурин), оргағасырылық түріктердің де өздерінің «тәңіртекті» екенін сезінгенін немесе солай санағанын Құлтегін жазбасындағы «Тенірі тег теніріде болмыш», Білге қаған жазбасындағы «Тенірі тег теніріде йаратмыш» деген жолдардағы сан ғасырылық сабактастықтарға тоқталған [1, 368]. Ассириялық жазбалар аудармалары бойынша алынған деректердегі «тиграхауда» атауы сақтардың «құдайдың садақшылары» деген мағынаға ие екенін көрсеткен зерттеушілер бар [2, 7]. Сонымен бірге зерттеушінің шікірішке корейлердің де ескі аңыздары бойынша ежелгі Чосон жүртүнің «шығыс садақшылар» деп аталуы, олардың да аргы аталары Аю әйел мен Көк тәңірінің ұлы саналатын Тангун атты ұлдан тарататыны ойландырады. Зерттеуші Тангун атауының өзін «Тан», яғни аспан және «гүн», яғни адам деген сөздердің мағынасынан деп қарастырады [2, С.370]. Дегенмен автордың «шығыс садақшылардың» қатарында емәк тайпасының аталатыны туралы, оларды оргағасырылық кимектермен байланысты қарастырған мағлұматтары мен шікілері келешекте арнайы түріктану ғылыми аясында мәселені терендете зерттеуді қажет етегін мәселелердің бірі деп санаймыз.

Шыңдығында да Түріктердің өздерін тәңірдің ерекші назары түскен жүргі ретінде санайтыны Құлтегін жазбаларындағы сөздерден анық байқалады. «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жарапанда, екеуінің арасында адам баласы жарапан. Адам баласын басқаруға ата-бабам Бумын қаған Истемі қаған отырған. Отрыпп, түркі халқының еллік, заңын ұстай берген, иелік еткең» деген мәтіндер соның айғағы бола алатында (Құлтегін жазуы. 1-қатар F. Айдаровтың нұсқасы.).

Осы ұғым ислам діні кең тараған түріктер арасында да исламдық сипаттармен астаса көрініс береді. Мысалы Махмұд Қашқари жазбаларында:

Анараев Қ.С. Ұлы дала көпшелі тайпаларының көне және...

«... Ұлы Тәнірі: «Менің бір тайпа қосыным (эскерім) бар, оларды құншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланың, назалансам түріктерді соларға қарсы саламы» дегі » деген жолдар арқылы ортағасырлық түріктердің өздерін Жаратушының сардарлары ретінде санаған дүниетанымдық түсінігі болғаны байқалады [3].

Өзге жүргітарда да ежелгі ғұндарды және кейінгі түріктерді «Жаратушының жазалаушы қампысындағы қабылдағанын» көрсететеп тарихи деректер аз емес. Мысалы, ғұн патшасы Аттилаға «бич божий», яғни «құдайдың қампысы» деген лақап атау берген ортағасырлық христиан елі жазбагерлері де «көпшелі тайпалар шабуылдарын» «құдайдың алдында өздері жасаған күнелары үшін келген жаза ретінде» түсіндіретіні бар. Мысалы армян деректерінде де дәл осындағы жағдайлар болғанын көрсететеп мағлұматтар аз емес [4, 66; 125].

Жалшы түріктерде ортақ «Бір Жаратушы» туралы туралы ойдаң іздері болғаны байқалады. Ол «Кек Тәңірісі» деген ұғымға жинақталған сияқты. Ортағасырлық жазба ескерткіш «Кодекс Куманикусте де» құман-қышқақтардың араларында тарай бастаған христиан дініндегі «Құдай» немесе «Бір Жаратушы» ұғымын «Тәңірі» деген атаумен беруі де осы сабактастықты көрсетеді. Мысалы, “KK”-тегі “тәңірі” атауы, тек христиандық *bog* сөзінің баламасы ретіндеған емес, олардың бұрынғы діни наным-сенімдерімен сабактастықтар ізін байқатады. Тәңірі туралы сенімдер тек тілдік материалдардаған емес, таңбалық сипаттағы танымдарында да орын алған. Зерттеуші ғалым Аманқос Мектептегі «Таңбатаңу ілімі және ұлттық идея» атты мақаласында көне түркілердің шеңбер таңбасы «Кек Тәңірлік таңбамен» байланыстыра қарай келе, қазақ халқындағы «тасбақаның» аузындағы шешіті алған адамның өмірде жолы болады, бағы жанады деген сенімдердің жұмбағы көп, соңдықтан тамырларына терең үңілу керектігін және бұндағы тасбақаның «тәңірі» ұғымына байланысы бар деген шікірі бар [5, 81; 88] Шындығында да соңдай нанымдар болса керек. Ортағасырлық жазба жәдігер «KK»-тегі қырық бірінші ретпен берілген “... tengirdan tusgen tokmacık, dort ayaklı shaumasık. Ol kírgi” (яғни «Тәңірден түсken томпашық, Төрг аяқты маймашық» шешпү: *kírgi* А.Қ.) деген жұмбақта да қышқақ-құмандардың наным-сенімдерінің осындағы көне дүниетаным, сенімдермен сабактастықтарының іздері байқалатын сияқты [6]. Тәңірлік таңбалармен кіршінің өзара ұқсастығы туралы олар білген нәрсесін жұмбақ етіп жасырыш отыр деп ой түйіндеуге болатындей.

Жәдігерде *бақсы*, *шаман*, *қамлық* сияқты терминдер құмандардың монотеизмге дейінгі наным-сенімдері туралы мағлұматтар береді. Адамдардың құдайлық құштермен «қарым-қатынасындағы» аралық міндеттер қоғамдағы ерекше тоptың – шамандардың қолында болды, ал шамандар ертедегі түрік мәтіндерінде *қам* деп аталған. Шамандар, сөүегейлер, емшілер, «құдайдың қалауын» жариялаушылар болған. “KK”-тегі

қам, “қам, ол катын дір” деген тіркестер баксылық, шамандықты негізінен әйелдер жасаса керек деген тұжырымға әкеледі.

Наным-сенім салт-дәстүрмен қатар көрінетін белгілі. Құмандардың салт-дәстүрінен хабар беретін “КК”-те “сығыт”- қайғы, қасірет, “тул”-тұл әйел мағынасында айтылған сөздерді осы тұргыдан алғанда маңызды деп санауга болады [7, 118, 129]. Көне түркіде Құлтегін ескерткішінде “сығыт” - жыры туралы айтылады [136, 505]. Бұдан оларда қайғы-қасіретте сығыттау немесе жоқтау айту дәстүрі, ал ері қайтыс болған әйел тұл атанғаны байқалады. Оргағасырлық Лаврентьев жылнамасында Игорь жорығы кезінде половец даласында “құстар шулац, аңдар ақырыш, ақкудың қанқылы естілгені” туралы айтылған [8, 75]. Осы деректер олардың (құмандардың, қышшақтардың - А.Қ.) тек тотемдік нанымдарынан ғана хабар беріш қоймай, жау шашқан елдің жылап-сықтағанын, яғни өлгендеріне жоқтау айтқанын байқатады. *Жоқтау айту дәстүрі* қазақ халқында осы күнге дейін сақталған. Бұл дәстүрдің Алтай халықтары арасында да бар екенін Л.П. Потапов еңбектерінен көреміз [9, 267].

Сонымен бірге ертедегі мифтерде жайдың түсүі «жаратушының қаһарымен» байланыстырыла түсіндірлген нанымдардың ізі оргағасырларда да болған және бүгінгі күнге дейінгі халықтық наным-сенімдерде қалмай келе жатыр. Ескерткіште көрсетілген *бүті* - яғни әулие, *жай тасы, йақчы*-жайшы терминдері осындағы ойларды одан ары бекіте түсетіндей [7, 56; 88; 89]. Оргағасырлық тарихи деректер олардың арасында жай тасымен жаңбыр жаудыргандардың да болғанын көрсетеді. Мысалы, Абу Дулаф кимектердің аспан өлемін бақылац, жай тастарын қолдану арқылы қалаған мезгілдерінде жауын жаудыра алатынын және бұл әдіс түркілер арасында кең тарағанын жазады. Сириялық тарихшы және жағрафияшы Абу-л-Фида (1273-1331) өзінің “Таквим ал-будан” (Упорядочение стран) деп аталағын еңбегінде: “құмандар астрологиямен айналысады, жұлдыздарды бақылайды және оларға табынады” деп жазады [10, 14; 23]. “КК” - те “йай” - жай тасы мен “йақчы” - жайшы туралы айтылған [7, 68]. Бұл деректер түркі тайшаларында кең тараған жай тасы арқылы жауын жаудыру жоралғысы “КК”-тің жазылу мезгілдерінде құмандарда қолданған деп санауга мүмкіндік береді. Бұл сенім мен әрекеттің тарихы Оғыз дәуірінен бастау алатыны және XIX ғасырдың соңына дейін кең түрде қазақ халқының өмір салғында да орын алғаны белгілі. Археологтар Отырар қаласының XVI-XVII ғасырларға жататын қабатынан табылған ромбы шілімдегі алты тастың бетінде бақа, жылан, тасбақа бейнелері және жіп өткізетін тесіргі бар екеніне қарац, жай тасын халықтың қасиетті санац, мойнына тағып жүргені туралы шікірлерін айтады [11, 203, 208]. Бұл жайтар көне түркілік мәдениеттің белгілерінің кимек, қышшақ дәуірінен өтіп, қазақ халқы мәдениетінде ұзақ сақталған сабактастық барын байқатады.

Анарбаев Қ.С. Ұлы дала көшпелі тайпаларының көне және...

“КК”-те кездесетін ондай материалдардың барлығына қатысты бір мақала төңерегінде сөз қозғау мүмкін емес екені анық. Біз өз зерттеуімізде сол терминдердің бірқатарына назар аударуды жөн санадық. Зерттеулер Ұлы Даลา көшпелі тайпаларының көне және ортағасырлық наным-сенімдеріндегі тарихи сабактастықтардың бар екенін көрсетеді. Олардың кейбірі күні бүгінге дейін халық арасында өз жалғастарын тауып келе жатыр деп айта аламыз. Рухани тамырларға үзділе түскен сайын бұндай сабактастықтар маңызына мән бермеуге болмайды деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай. Тіл ұшындағы тарих. Алматы «Жазушы» 2003. - 496 б.
2. Григорьев В.В. О народе саках // Евразийский народ САКИ. Сборник. - Алматы, 2006. -248с.
3. М. Қашқари. Түрік сөздігі. I том Алматы «Хант» 1997. - 408 б.
4. «Орталық Азия мен Қазақстан тарихына қатысты армян деректемелері» (С.Құдасов пен Н.Базылханың аудармасында) Алматы «Дайк-Пресс» 2010. -248 б.+8 б. жапсырма.
5. Мектептегі А. Таңбатану ілімі және ұлттық идея // «Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгіні мен болашағы» атты дөңгелек үстел материалдары. - Астана «Ер-Даулет» 2004 ж. – 78-98 бб.
6. Kiun G. Codex Cumanicus. Budapest, 1981. – 395 р.
7. Құрышканов Ә.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б.. Куманша-қазақша жиілік сөздік. – Алматы: Фылым, 1978. – 277 б.
8. Кудряшев К.В. Про Игоря Северского, про землю Русскую /Историко-географический очерк о походе И. Северского на половцев в 1185 года. – Москва: Государственное учебно-педагогическое издательство Министерство Просвещения РСФСР, 1959. – С. 94.
9. Потапов Л.П. Умай-божество древних тюрков в свете этнографических данных // Тюркологический сборник. - 1979. – С. 265-286.
10. Кумеков Б.Е. Арабские источники по истории кипчаков, куманов и кимаков VIII-нач. XIII вв.: АДД. – СПб, 1994. – С. 40.
11. Акишев А.К. О культе “дождевого” камня (джада, яда) // Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана. Тезисы докладов и сообщений научно-теоретической конференции. – Алма Ата: Наука, 1980. – С. 203-208.

РЕЗЮМЕ

В данной статье на основе материалов письменного памятника «Кодекс Куманикус» (XIII- нач. XIV в.) рассматривается историческая преемственность древних культов и средневековых религиозных верований кочевых племен Великой степи.

(Анарбаев Қ.С. Проблемы исторической преемственности древних культов и средневековых верований кочевых племен Великой степи)

SUMMARY

This article written on the basis of materials monument “Codex Cumanicus” XIII- XIV centuries continuity of the ancient cults and medieval religious beliefs of the nomadic tribes of the Great Steppe.

(Anarbayev K.S. Problems of historical continuity of ancient cults and beliefs of medieval nomadic tribes of the Great Steppe)

ÖZET

Makalede genel olarak insanlık mitolojisinde görülen dünyagörüşüne, inançlarına ve onların devamlılığına büyük yer ayrılr. Yazar eski inançların günümüzdeki izlerini örneklerle göstermeye çalışır.

(Anarbayev K.S. Göçmen Boyların Eski ve Ortaasır İnançlarındaki Tarihi Devamlılıklar)